

№11 тәжірибелік сабак.

Тақырыбы: :«Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жыры

Сабактың мақсаты: «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жыры туралы мәлімет алу.

Негізгі сұрақтар:

1. «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жырының шығу, жариялану тарихы
2. Жырды нұсқалары, алғаш зерттеушілер

Тапсырма: Жырдың жиналуды, жариялануды, зерттелуі. В.Радлов, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов еңбектері, пікірлері. Жырга А.Пушкиннің көңіл бөлуі. Жырдың нұсқалары, қазақ тіліндегі нұсқаларының ерекшеліктері. Оның нұсқаларының көршілес елдерде де кездесетіндігі.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсныстыар: Жырдағы образдар. Жырдың көркемдік ерекшелігі, құрылышы, стилі, тілін айқындау.

Талдау (анализ) - көркем шығарманы тексергенде қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып карастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу. Айталық, шығарманы идеялық мазмұн, тақырыпты баяндау ерекшеліктері түрғысынан, немесе, сюжеттік, композициялық құрылышы, жанрлық сипаты жағынан талдауға болады. Сондай-ақ, кейіпкерлердің харakterін бейнелеу принциптері түрғысынан, сөздік, тілдік құралдарды пайдалануы, егер поэзиялық шығарма болса ырғактық интонациялық өзгешеліктері, әр түрлі шумақ, тармақ, ұйқастарды қолдану жағынан талдауға болады. Шығарманы осындай бірнеше қырынан тексергенде жеке ерекшеліктердің өзіндік сипат белгілерін де олардың бір-бірімен байланысында ангаруға мүмкіндік бар. Эрине, шығарманы боршалап, бөлшектеп, талдау жағынан талдауға болады. Шығарманы мағыналық көркемдік бірлік тұтастығынан туатын әсері бір сәт әлсірейді. Оның есесіне шығарманың құрылыш-бітімін-дегі әншайінде көзге түспейтін, байқала бермейтін сипат белгілері айқын танылады. Ал оларды көре білу, түсінудің шығарманы тұтас кабылдағандағы алатын әсерімізді толықтырып, байыта түсетіні сөзсіз. Олай болса Талдау дегеніміз - жеке қасиет ерекшеліктерді арнайы карастырып, танып білу арқылы бүтінді айқын сезінуге себін тигізетін, соған қызмет ететін тәсіл. Әдетте шығарманың ерекшеліктері, іріліңсақты бөлшектері, олардың өз алдына оқшау түрғандар сипат-белгілері көбірек козге түседі, оларды байқау жеңілірек болады. Ал енді сол бөлшектердің шиеленісе байланысуынан, жалғастық үйлестігінен туатын шекіз мол жаңа сапалы өзгешеліктерді, үндестік, бірлестік белгілерін, жаңаша мағынаәсерлерді каншама тебіреніп сезінсек те талдау көрсету, танып білу, айтып жеткізу қыынға соғады. Өйткені қандай да жеке айшық, бөлшектің өзіндік бастапкы тұрақты сипат белгісін байқау бір нәрсе де, ал олардың біте қайнасып біргігуі, өзара жанасып байланысуы негізінде пайда болатын туынды сипат белгілерді көріп білу екінші нәрсе. Ол үшін сансыз болшектердің бір-біріне сөule беріп, әсер етіп, мағыналық, көркемлік сапасы құбылып, өзгеріп шығатын қалпын жақсы сезініп, үтіп түсіну керек. Әдеби шығарманы талдау үшін, көркемдік қасиет-белгілерін нактылы

сипаттап беру үшін калай да онын өзгешелік-ерекшеліктерін түгелдей де, жекелеп те ашып карау керек. Әдеби шығарманы кай тұрғыдан алыш талдағанда да (айталық такырып, сюжеттік желі, композициялық құрылышы, тіл кестесі) онын жеке бөлім-бөлшектерін (компоненттерін, сипат ерекшеліктерін) айырып ажырату үшін жүйесін тауып, бір-бірімен қабыстырып жалғастырып бөлшекті бүтінмен үштастыра қарастыру шарт. Әдеби шығарманың көркемдік, тілдік нақтылы ерекшеліктерін зерттегендे, ұсақ, көзге түсे бермейтін сипат белгілерге зер салғанда, сол арқылы көркем шығарманың бойындағы, құрылыш-бітіміндегі зор мөні бар қасиеттерін айқынырақ бағдарлауға ұмтыламыз, әлгі көркем туындыны немесе оның комақты бөлшектерін түгелдей сипаттайтын өзгешеліктерді аңғаруға ұмтыламыз. Жеке белгі-сипаттарды ажыратып талдағанда, болшектердің коспа жігін еппен ашып жүйесін тауып, саралап, айшығы көп өрнектің арқау жібін үзіп, ыдыратып алмау керек. Шығарманы талдағанда оның көркемдік қуатынан толық өсер алатын өткір сезімталдық қандай қажет болса, шығарманың құрылышындағы мазмұн мен түрдің біріккен тұтас бітім-тұлғасындағы қат-қабат байланыстарды, сипат белгілерді көре білу де сондай қажет. Сонда ғана Талдау қисынды, ұтымды болады және тек серіп отырған шығарма жүйесіні біртұтастығын көріп-білуге, сезінуге, түсінуге яғни синтез жасауға тс лық мүмкіндік туады.

Дайындалуға арналған сұрақтар:

1. Жырдың образдары
2. Көркемдік ерекшелігі, стилі, тілі

Есеп беру түрі: әдеби талдау, үзінді жаттау.